



БЕКІТЕМІН «Қостанай  
облысы әкімдігінің  
мәдениет басқармасы»  
ММ басшысы  
Е.Қалмақов  
» ақпан 2020 жыл

**«Рухани қазына» мәдениет және өнер саласындағы ұйымдар мен  
қызметкерлерінің облыстық фестивалі аясында өтетін  
«Үздік ауылдық клубы-2020» облыстық байқауының  
ЕРЕЖЕСІ**

**Ұйымдастырушылар:**

- «Қостанай облысы әкімдігінің мәдениет басқармасы» ММ;
- «Облыстық көркемөнерпаздардың халық шығармашылығы мен кинобейнеқор орталығы» КМҚК.

**Байқаудың мақсаты:**

- мәдени құндылықтар мен ақпараттық ресурстарға бірыңғай мәдени қолжетімділікті қалыптастыру үшін жағдай жасау;
- клубтық типті ауылдық мәдени объектілерінің әлеуметтік мәртебесін сақтау, дамыту және арттыру;
- клубтардың, ауылдық Мәдениет үйлерінің шығармашылық қызметкерлерін анықтау және ынталандыру;
- ауылдық жерлерде мәдениетті қолдау және дәріптеу.

**Өткізу күні мен орны**

1-кезең: ақпан-наурыз айы 2020 ж.

«Үздік ауылдық клубы-2020» аудандық байқауы. Үздік клубтар туралы материалдар қазылар алқасының қарауына [1@ocsnt.kz](mailto:1@ocsnt.kz) электрондық мекен-жайына 01.04.2020 дейін жіберілуі тиіс. Ұсынылған клубтардың ішінен **3 үздік ауылдық клуб** іріктеледі.

2 кезең: сәуір-мамыр айы 2020 ж.

1 кезеңнің жеңімпаздары облыстық кезеңге жолдама алған жағдайда келесі құжаттарды жібереді: шығармашылық есеп-презентация форматындағы көрнекі іс-шара, әдістемелік материалдар, клуб жұмысы туралы есеп беру құжаттамасы (*Өтетін орны қосымша хабарланады*).

«Үздік ауылдық клубы-2020» облыстық конкурсының қорытындысын шығару және жеңімпаздарды марапаттау Қостанай қаласында өтеді.

**Қазылар алқасы**

- қазылар алқасы кәсіби мамандардан тұрады;
- қазылар алқасының шешімі құзыретті және қайта қарауға жатпайды.

### Бағалау критерийлері:

- ғимараттың ағымдағы жағдайы: іргелес аумақ, фасад, интерьер, дизайн, безендіру, материалдық-техникалық база, жаңа және қазіргі заманғы технологиялармен жабдықталу деңгейі;
- көркемөнер шығармашылығын дамыту. Шығармашылық ұжымдардың, үйірмелердің, қызығушылықтары бойынша клубтардың болуы, олардың жұмысы мен материалдық-техникалық базасын көрсету;
- аудандық, облыстық, республикалық, халықаралық фестиваль, байқауларға, концерттерге қатысу;
- балалармен, жасөспірімдермен және ауыл жастарымен жұмыс;
- клубты дамытуға бюджеттік, бюджеттен тыс қаражатты тарту, бизнес-құрылымдармен, демеушілермен өзара ынтымақтастық туралы меморандумдарға қол қою, басқа ұйымдармен серіктестік қарым-қатынас жасау;
- іс-шараның көрнекті және жоғары деңгейде өтуі.

### Өтінім беру шарттары

- қатысушы толтырылған өтінім формасын жібереді (*қоса беріледі*);
- ауылдық клуб, ауылдық Мәдениет үйі, ауылдық демалыс орталығы атауымен конкурсқа қатысуға өтінім;
- директордың аты-жөні (*клуб меңгерушісінің, мәдени ұйымдастырушысының*);
- клуб, АМУ, АСО соңғы 3-5 жыл ішіндегі жұмысы туралы еркін ақпарат. МТБ ақпараты, баланс ұстаушыны, қазіргі клубтық құрылымдардың жұмысын, шығармашылық жетістіктерін, демеушілермен және қоғамдық ұйымдармен жұмысты, ақылы қызметтерді орындау жұмысын көрсетуі тиіс;
- ақпаратқа мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы, АМУ директоры, ауылдық округ әкімі қол қоюы тиіс;
- өтінімдер 2020 жылғы 28 ақпанға дейін мына мекен-жай бойынша қабылданады: Қостанай қ., Лермонтов к-сі, 15. ОКХШКО. 1@ocsnt.kz электронды почтасы, телефондар: 8(7142) 56-04-10.

### Марапаттау

Марапаттау облыстық байқаудың қорытындысы бойынша «Үздік» атағын беру және бағалы сыйлықтар мен дипломдар тапсыру арқылы келесі номинациялар өткізіледі:

- «Үздік ауылдық клуб-2020» (*1, 2, 3 орын*);
- «Үздік ауылдық меценат-2020».

### Жол жүру, тамақтану

- жол жүру және тамақтану жіберуші жақтың есебінен.

## ӨТІНІМ

АМУ атауы (мәдени-демалыс ұйымы) \_\_\_\_\_

Құрылған жылы \_\_\_\_\_

Директордың аты- жөні \_\_\_\_\_

Директордың білімі \_\_\_\_\_

АМУ жетістіктері \_\_\_\_\_

Мекен-жай \_\_\_\_\_

Телефон нөмірі \_\_\_\_\_

Код \_\_\_\_\_

Факс нөмері \_\_\_\_\_

Өтініш толтырылған күн \_\_\_\_\_